


2023-2024 оқу жылындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебі

Ағымдағы оқу жылында әдістемелік жұмыстың міндеттерін іске асыру мақсатында 2023-2024 оқу жылы Подстепный №1 ЖОББМ-нің ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік жұмыстары жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жұмыстар "Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз дамыту арқылы білім беру сапасын арттыру" Әдістемелік тақырыппен жоспарға сай жүргізілді.

Мақсаты: жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүруге дайындалған білім беру және жеке тұлғаны тәрбиелеу стандартын табысты іске асыру үшін педагогтердің кәсіби шеберлігі мен кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру. Мектеп директорының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 268 бұйрығымен мектептің ӘК құрамы 19 мұғаліммен бекітілді. 11 пәндік 1 сынып жетекшілер бірлестігі оқу жылы ішінде жоспарлы жұмыстанды. Оқу жылының басында 136 педқызметкермен бастасак, оқу жылының аяғында 142 педқызметкермен аяқтап отырмыз.


1. Қайта даярлау курсы

Мақсаты: Өзін-өзі бағалау және кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша педагогикалық кадрлармен жұмыс жүйесін жетілдіру




2. Пәндік апталық, онкүндіктер

Мақсаты: оқушылардың қызығушылықтары мен шығармашылығын, педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру пәндеріне қызығушылықты дамыту, оқуға ынталандыру. Оқушылардың танымдық




қызығушылықтары мен шығармашылық белсенділігін жандандыру. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту.

3. Озық тәжірибені зерделеу, жалпылау және тарату үшін жағдайлар жасау
 Мақсаты: педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін жинақтау және тарату, мұғалімдердің шығармашылық белсенділігін арттыру



4. Дарынды балалармен жұмыс, өнер байқаулары


Мақсаты: зияткерлік және шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау үшін мектеп жүйесін құру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.



1. 5-6 сынып, 7-8 сынып, 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне жалпы 54 оқушы қатысып, оның 34-і жүлделі орыналды. 8 оқушы облыстық кезеңіне жолдама алып, 5 оқушы қатысты. Оның 1-еуі «Алғыс хатқа» ие болды. 5-сынып оқушысы Азарова Виктория, пән мұғалімі Аскарова Н.С.
2. География пәнінен ұлттық олимпиадаға 3 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі орын алса, 1 оқушы облыстық олимпиададан 3 орын иеленді. Себеп Нурислам 7-сынып, пән мұғалімі Мухамбеталиева Ж.С.

3. Қазақ тілі пәнінен облыстық «Жарқын болашақ» олимпиадасына 4 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлделі орынға, 1 оқушы «Алғыс хатқа» ие болды. Алиев Иса - 11 сынып, 3-орын. Пән мұғалімі –Нагимова Б.Ж., Медербекова Әлия -10 сынып 2-орын, пән мұғалімі- Муканова Г.Н., Калугин Максим 10-сынып, 3-орын. Пән мұғалімі: Жұмырбаева С.М., Прижигалинская Ева 7-сынып, Алғыс хат, пән мұғалімі. Жумаханова А.Х.
 4. «Бастау» олимпиадасының аудандық кезеңіне 5-6-сыныптардан 6 оқушы қатысып, 3-еуі жүлделі орын алды.
 5. 2-7 сыныптар арасындағы «Зерде» зерттеу жобаларының аудандық кезеңіне 5 оқушы қатысып, 4-еуі жүлделі орынға ие болды. Герасимова Ксения, Жұмырова Зарина, 7-сынып. 3-орын, Пән мұғалімі: Серикова Р.М., Сәлекеш Ершат, 5-сынып, 1-орын. Пән мұғалімі: Тулепова К.А., Максим Інжу, 7-сынып, 1-орын, пән мұғалімі: Есмуратова К.С., Айшова Ұлжан, 3-сынып, 3-орын, пән мұғалімі: Аккулова З.М.
- Облыстық кезеңге 1-орын иегерлері қатысып келді.

Басқа да республикалық деңгейдегі түрлі олимпиадаларға 37 оқушы қатысып, жүлделі орын алды.



Мектебіміз ПИЗА халықаралық зерттеулерге түсіп, 9-11 сыныптардан 46 оқушы қатысты. Қорытындысы 1 жылдан соң шығады.

5.Семинар, сайыс, тағылымдық шаралар

Мақсаты: Педагогтерге шығармашылықпен жұмыс жасау арқылы кәсіби шеберлігінің шыңдалуына, мұғалімдердің өзіндік жұмыс тәсілдерін қалыптастыруына мүмкіндік жасау

Мектебімізде ұйымдастырылған семинар, байқау, тағылымдық кештер

№	ТАҚЫРЫБЫ	ТҮРІ
1	«Табысқа жету формалары: оқытамыз, үйренеміз, ізденеміз»	пәнаралық семинар (қараша)
2	«Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып оқытудың маңызы»	информатика пәні мұғалімдерінің оқыту семинары
3	Ғылыми жобалар байқауы	оқушылардың мектепшілік байқауы(қаңтар)
4	«Үздік жас маман» байқауы	жас мамандар байқауы(қаңтар)
5	Цифрландыру – бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт	математика, информатика, физика пәні мұғалімдерінің аудандық семинары(қаңтар)
6	«Инклюзивті оқыту арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың толықтай білім алуын қамтамасыз ету»	оқыту семинары(қаңтар)
7	«Кері байланыс. Критериялды бағалаудағы кері байланыстың ролі»	Оқу ісі орынбасарларының оқыту семинары(қаңтар)
8	«Озық тәжірибе – ортақ іс»	инклюзивті білім беру мұғалімдерінің аудандық семинары(ақпан)
9	Мектептің 40 жылдығына орай аудандық ұстаздар арасында футбол жарысын өткізу	спорттық шара(ақпан)
10	40 жыл тарих – 40 жыл тәжірибе	тағылымдық кеш (ақпан)
11	«Lesson study – сабақты зерттеудің ерекше үлгісі»	Пән мұғалімдеріне арналған облыстық оқыту семинары(наурыз)



Жас мамандармен жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: мұғалімдерге теориялық білімін жетілдіру және педагогикалық шеберлікті арттыру мәселелерінде практикалық көмек көрсету.

«LESSON STADY» үдерісі ұйымдастырылды.


9 «В» сыныбы зерттеу үдерісіне қатысты. Себебі өткен оқу жылында білім сапасы жағынан ең төмен көрсеткішпен(35%) аяқтады. Үдерісті 1 координатор және 5 мұғалім жүргізді. Координаторы: Абдуайтова К.Ж. Мұғалімдер: Мукатова С.Т., Есмуратова К.С., Молдағалиева Г.А., Серикова Р.М., Уралбаева Д.А. Оқу жылы соңында білім сапасы 56,5% болды.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау

Мақсаты: Кәсіби құзыреттілік деңгейінің сәйкестігін анықтау және педагог қызметкерлердің біліктілік санатын арттыру үшін жағдай жасау. Аттестаттау комиссиясының кеңесінің құрамы бекітілді, оқу жылы ішінде 1 жас маманға педагог-тағылымдамашы, 3 жас маманға педагог мәртебесі тағайындалып, тәлімгерлері бекітілді. Жаңа ережеге сәйкес 52 педагог аттестаттауға өтініш білдіріп отыр.

Педагог кадрлармен жасакталаған жұмыстардың мониторингі бойынша қорытынды

Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс істейтін әдістемелік бірлестік жетекшілерінің және әдістемелік бірлестік құрамындағы мұғалімдердің мәртебесін көтеру, ізденісін шыңдау және олардың әдістемелік әлеуетін арттыру. Озық жұмыстарды анықтау, қолдау, педагогикалық іс-тәжірибелерін үлгі ету үшін.



Мұғалімдердің жинаған ұпайлары: Абдуайтова К.Ж.-30 балл, Аккулова З.М.-25 балл, Тулепова К.А.-27 балл, Серикова Р.М.- 27 балл, Шошаева Р.М. -29 балл, Аскарова Н.С.- 30 балл, Муканова Г.Н. -24 балл, Есмуратова К.С. -24 балл, Каймулдинова Ш.С.- 20 балл, Нагимова Б.Ж., Джарылгасова Л.У.- 20 балл, Баймағамбетова О.Т.-27 балл, Кабиева А.К.- 19 балл, Герасимчук Ю.С. – 18 балл(Мадақтама табысталды)

Қорытынды сөз: Егеменді еліміздің адалдықты ту еткен алғыр ойлы, азамат ұл-қыздарына саналы тәрбие, сапалы білім беруде талмай еңбек етіп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер!

Директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары: Абдуайтова К.Ж.